

Халықаралық ICILS-2018 негізгі зерттеуінің өткізілуі туралы

ICILS (International Computer and Information Literacy Study) зерттеуінің мақсаты – оқушылардың IT құзыреттері деңгейін бағалау және олардың оқу жетістігіне ықпалын анықтау. Бұл зерттеу оқушылардың IT құзыреттерін қалыптастырудың мектептегі білімге және балалардың IT дағдыларының дамуына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

ICILS халықаралық зерттеуінің тапсырмалары 8-сынып оқушыларының басқа елдегі олардың құрдастарымен салыстырғандағы IT құзыреттері деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік берді.

Халықаралық **ICILS-2018** негізгі зерттеуі 2018 жылдың 2 - 12 мамыр аралығында өтті.

Жамбыл облысы бойынша халықаралық ICILS-2018 негізгі зерттеуіне **15** білім беру ұйымдары (*Тараз қаласы Б.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясы, №54 орта мектебі, №18 орта мектебі, №22 орта мектебі, №35 орта мектебі, №21 орта мектебі, Жамбыл ауданы Ю.Гагарин атындағы орта мектебі, Қордай ауданы №10 Қызылсай орта мектебі, №27 Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі, №25 негізгі мектебі, Шу ауданы №40 орта мектебі, Мойынқұм шағын орталықты орта мектебі, Т.Рысқұлов ауданы Ю.Гагарин атындағы негізгі мектебі, Талас ауданы А.Байтұрсынұлы атындағы гимназиясы, С.Сейфуллин атындағы орта мектебі*) қатысты.

Аталған білім мекемелерінен **290** оқушы, **220** мұғалім қатысты. 290 оқушының **219-ы** қазақ тілінде, 71-і орыс тілінде тапсырды.



